

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

Лактагель®

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Бір сықпаның (5 мл) құрамында: сүт қышқылы - 225 мг, гликоген, пропиленгликоль, гидроксипропилметилцеллюлоза, натрий лактаты, су.

Құрамында гормондар мен консерванттар жоқ.

Гельдің рН мәні 3,8.

Қолданылу саласы

Гинекология

Тағайындалуы

Қынапта қалыпты жағдайда әр түрлі топтағы бактериялар кездеседі, бұл ретте ең көп мөлшерде лактобактериялар көрсетілген. Лактобактериялар қынаптың эпителий жасушаларынан келіп түсетін гликогенді қайта өңдеп, сүт қышқылын өндіреді, осылайша қынапта төмен рН деңгейін сақтайды, патогенді бактериялар мен зерттердің дамуына қолайсыз жағдайлар жасайды. Бұл бактерияларға қарсы табиғи және өте тиімді қорғаныс механизмі.

Егер лактобактериялар саны азайып, рН деңгейі көтерілсе, «нашар» бактериялар көбейеді. Бұл жағдай бактериялық вагиноз (БВ) деп аталады. БВ-мен байланысты негізгі белгілерге жағымсыз иіс, қалыптан тыс бөлінулер және қынапты жайсыздық жатады. БВ - әйелдерде кең таралған ауру.

Бактериялық вагиноздың дамуына ықпал ететін факторлар:

- Етеккірдің ұзаруы
- Антибиотиктерді қабылдау курстары
- Интимді гигиена құралдарын жиі және шамадан тыс қолдану
- Қорғалмаған жыныстық қатынас (шәует қынаптың рН-ын сілтілі ортаға өзгерте алады)
- Жатырішілік контрацепцияны қолдану (ЖІК, әдетте спираль деп аталады).

Бактериялық вагиноздағы бүркіп жуудың рөлі туралы толығырақ

Көбінесе, бактериялық вагиноздың белгілері пайда болған кезде, жағымсыз иісті гигиенаның нашарлығымен байланыстырып, әйелдер өз бетінше бүркіп жууға жүгінеді. Бұл ретте бүркіп жуу бактериялық вагиноздың одан да көп өршуін тудырады, өйткені қалыпты микрофлора шайылып, шартты-патогенді бактериялармен ауыстырылады.

Лактагель® – құрамында сүт қышқылы мен гликоген бар гель.

Сүт қышқылы қынаптың рН деңгейін төмендетуге көмектеседі (яғни, қышқыл орта жасайды).

Гликоген лактобактериялардың көбеюіне қажетті қоректік орта болып табылады.

рН мәнін қалыпқа келтіру (төмендету) және лактобактериялардың көбеюі үшін тиісті жағдайлар жасау арқылы, Лактагель® қынапты микрофлораны қалыпқа келтіреді және келесі белгілерді жояды: қалыптан тыс бөлінулер, жайсыздық және жағымсыз иіс.

Сақтық (қауіпсіздік) шаралары

Лактагель гелін ұрықтану мүмкіндіктері кезінде қолданудан аулақ болу керек, өйткені қынаптың рН төмен көрсеткіштері сперматозоидтардың белсенділігіне теріс әсер етеді.

Лактагель® контрацептив құралы ретінде қолдануға болмайды.

Сықпаның тұтастығы бұзылғанда пайдалануға болмайды.

Лактагель® мысалы қынап тініндегі жарықтарға енсе ол қышынуды, күйдіру сезімін және қышуды тудыруы мүмкін. Бұл уақытша әсер. Егер бұл қайталанса, пайдалануды тоқтатыңыз және сіз алаңдасаңыз, медициналық көмекке жүгініңіз. Симптомдарыңыз нашарласа, ауырсынуды сезінсеңіз, жайсыздық сақталса, бөлінулер қан түске боялған болса немесе бөлінулер менопауза кезінде пайда болса, дәрігерге хабарласыңыз. Лактагель® вагинальды гельді нұсқауларға сәйкес қолданғаннан кейін симптомдарыңыздан арылмайтын болсаңыз, қосымша кеңес алу үшін дәрігерге хабарласыңыз.

Жүктілік кезінде қолдануы

Лактагель гелін жүктілік кезінде қолдануға болады, алайда жүктілік кезінде қынаптық инфекцияның болуына күдік туған кезде, дәрігерге жүгіну ұсынылады.

Балаларда қолдануы

Балаларға немесе балалардың қолдануына арналмаған.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Лактагель® гелінің компоненттерінің кез келгеніне жекелей көтере алмаушылық бар болса қолдануға болмайды.

Қолдану тәсілі

<i>Бактериялық вагинозды (БВ) емдеу</i>	
Бактериялық вагиноз белгілерін тиімді жеңілдету үшін – қалыптан тыс бөлінулер, жағымсыз иіс, қынаптағы жайсыздық	7 күн бойы күніне 1 сықпадан қолдану
<i>Қалыпты микрофлораны және қынаптың рН деңгейін сақтау</i>	

БВ белгілерінде, қынаптың қалыпты микрофлорасы және рН қалпына келтіру үшін: • Антибиотиктерді қабылдау курсы кезінде • Етеккір өткеннен кейін	7 күн бойы күніне 1 сықпадан қолданып, курсты қайталау
--	---



Лактагель® бір рет қолдануға арналған сықпаларда шығарылады. Сықпаны ашу үшін қапқты бұрап алыңыз.

Сықпаның ұшын қынапқа толығымен енгізіңіз. Сықпаның қабырғаларын қысыңыз. Қысуды тоқтатпай, сықпаны алыңыз.

Осыдан кейін сықпаны алып тастауға болады.

Лактагель® ұйықтар алдында қолданған дұрыс, өйткені гельдің біраз мөлшері ағып кетуі мүмкін. Гигиеналық төсемелерді пайдалану ұсынылады.



Сақтау шарттары

+2°C-ден +30°C-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Сақтау мерзімі

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Шығарылу түрі

Бір рет қолдануға арналған сықпаның құрамында 5 мл гель бар. Бір қаптамада бір рет қолдануға арналған 7 сықпа және медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулық бар.


Шартты белгілер



Қолдану жөніндегі нұсқаулыққа жүгініңіз



... дейін пайдалану керек



Өндірілген күні



Партия коды



Дайындаушы



Температуралық режим



Қайта пайдаланбаңыз



Мебиус ілмегі

Өндіруші/ Өндірістік алаң

Рольф Куллгрэн АБ, Огатан 4, 646 30 Гнеста, Швеция
Rolf Kullgren AB, Ågatan 4, 646 30 Gnesta, Sweden

Өндірушінің уәкілетті өкілі

«ВИВА ФАРМ» ЖШС, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Дегдар к-сі, 33
Тел.: +7 (727) 383 74 63, факс: +7 (727) 383 74 56
Электронды пошта: pv@vivapharm.kz

Өндірушінің уәкілетті өкілі/Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық бұйымдар жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:

«ВИВА ФАРМ» ЖШС, Қазақстан Республикасы
050030, Алматы қ., Дегдар к-сі, 33
Тел.: +7 (727) 383 74 63, факс: +7 (727) 383 74 56
Электронды пошта: pv@vivapharm.kz